

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143
қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 7 шілде N 1033. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.14. N 674 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағы арқылы экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатын беру ережесінде:

10 - т а р м а қ т а :

төртінші абзацтағы "есірткі заттар және психотроптық құралдар" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"есірткі заттар, психотроптық құралдар - Қазақстан Республикасының Нашәқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігіне; прекурсорлар - Қазақстан Республикасының Нашәқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі мен Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі